

Психологиядағы тұлға мәселесі. Абай - тұлға

25 ақпан күні Коворкинг-орталығы "Педагогика және психология" кафедрасының аға оқытушысы А. М. Малибаевамен бірлесіп ДФ-18к тобының студенттеріне Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған "Психологиядағы тұлға мәселесі. Абай - тұлға" атты іс-шара өткізді.

Студенттер "Қара сөздер", өлеңдер оқып, ән шырқап, ұлы ақынның өмірі мен қызметі туралы материалдар дайындады. Сонымен қатар кітап көрмесіне шолу жасалды, онда Абай кітаптары, оның ішінде "Абай елі" шежіре-альбомы, Роллан Сейсенбаевтың жобасы бойынша Абайдың қолжазбасымен шығарылған "Өлең – сөздің патшасы" кітабы, профессор Зарқын Тайшыбайдың "Абайтану арнасында" атты кітабы және т.б. кітаптар ұсынылған.

